

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Түркістан облысы Келес ауданы Ошақты ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 11 желтоқсандағы № 114 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабының 1-1) тармақшасына, 69-бабының 4-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 35-бабының 1-тармағы б) тармақшасына сәйкес, ШЕШІМ ЕТЕМІН:

1. "Қазақтелеком" акционерлік қоғамының филиалы-жобаларды басқару дирекциясына Келес ауданы, Ошақты ауылдық округі, Ошақты елді мекені М.Құрбанов және С.Мұқанов көшелерінің бойынан талшықты-оптикалық байланыс желісі құрылысы үшін жалпы көлемі 0,0221 га жер телімін, жерді меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймастан жер учаскелеріне уақытша өтеусіз қысқа 3 (үш) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

Талшықты-оптикалық байланыс желісін жүргізу және пайдалану мақсатында жер учаскесін пайдаланған кезде "Қазақтелеком" акционерлік қоғамының филиалы-жобаларды басқару дирекциясы Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын сақтасын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзімде қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ошақты ауылдық округі әкімінің
міндетін уақытша атқарушы*

Т.Орынбаев

Ошақты ауылдық округі әкімінің
2023 жылғы "11" желтоқсандағы
№ 114 шешіміне қосымша

"Қазақтелеком" акционерлік қоғамының филиалы-жобаларды басқару дирекциясына магистральды талшықты оптикалық байланыс желісін орналастыру және пайдалану үшін жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгілеу көлемдері.

Соның ішінде											
Оның ішінде											
							Өнер кәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызме	Ерекше қорғалатын табиғи			

№	Жер пайдаланушылар атауы	Қауымдық сервистуттың әрекет ету көлемі (гектар)	Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер	Егістік	Оның ішінде : Суармалы егістік	Көп жылдық егіндер	Шабындық	Жайылымдық	Елді мекендердің жері	ті, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге жер	аумақтардың жері, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи - мәдени мақсаттағы жер	Орман қорының жерлері	Су қорының жерлері	Босалқы жерлер
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
	Ошакты ауылдық округі	0,0221	-	-	-	-	-	-	0,0221	-	-	-	-	-
	Барлығы	0,0221							0,0221					